

**ҚАЗАҚСТАН МЕН ШЕТ ЕЛДЕРДІҢ ЗАҢНАМАЛАРЫН
САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ: БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰҚЫҚ
БҰЗУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЗАҢДЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК**

Муратбек Максутбек

maksutaruzhan0303@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, заң факультеті 4-курс студенті.

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Н.Д. Мырзатаев

Құқық мемлекеттегі тәртіпті реттеуші ең басты негіз болып табылады. Осы орайда құқық тәртібі деген түсінік қалыптасады. Құқық тәртібі мемлекет жариялайтын заңдылықтың нақты қамтамасыз етілуінің, оның кепілдіктері пәрменділігінің ең басты көрсеткіші болып табылады. Құқық тәртібін қорғауға тиісті мемлекеттік органның қызметінде заңдылықты сақтаудың елдегі заңдылықтың жай-күйінің айнасы деп саналатыны кездейсоқ емес, себебі, заңды құралдарды тек құқық тәртібі реттеп, бақылау жүргізіп отырады. Құқық тәртібі мемлекеттің егемендігін алдыға қарай дамытуға жәрдемдеседі. Құқықтық тәртіптің қоғам үшін алар орны ерекше. Мемлекеттің бірқалыпты дамуының да негізі осы құқықтық тәртіпті сақтаудан бастау алады. Осы уақытқа дейін қазақ болып аталғаннан бастап ата-бабаларымыз белгілі бір ережелерді, салт-дәстүрлерді ұстанып келген. Қазақ хандығының кезінде «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы» секілді заңдар жинағының арқасында мемлекетіміз өзінің айрандай ұйыған қалпынан таймаған. Ал қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының өзіндік Ата Заңы, яғни Конституциясы бар. Қазақстан Республикасының кез келген азаматы осы Конституцияны ұстанады. Қандай заң болмасын оның бастауы осы Конституциядан алады. ҚР Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданған болатын. Конституция латын тілінен аударғанда «құрылғы», «жарғы», «заң» деген мағыналарды білдіреді. Біздің Қазақстан Республикасының Конституциясы тоғыз бөлімнен, тоқсан сегіз баптан тұрады. Олар: «Жалпы ережелер», «Адам және азамат», «Президент», «Парламент», «Үкімет», «Конституциялық Кеңес», «Соттар және сот төрелігі», «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару», «Қорытынды және өтпелі ережелер». Конституциялық заңдар осы Конституцияда көзделген мәселелерді қарастырады. Республикамыздың заңдары мемлекетіміздің құқықтық негізін құрайды. «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынғын құл болмайды» демекші, әрбір азамат тәртіпке бағынуға міндетті. Тек қана тәртіпке бағыну емес, өз құқықтарын да білуі тиіс. Әрбір адам жеке тұлға, әрбір жеке тұлғаның пікірі қоғамда ескерусіз қалмасы анық. Әрине, қоғамда әртүрлі жағдайлар болуы мүмкін. Құқық бұзушылықтар қоғамның жалпы имиджіне кері әсерін тигізеді. Бірақ, қоғам қылмыскерлерсіз, құқық бұзушылықтарсыз болмайды. Бұл жағдайлар қоғамда осы уақытқа дейін болған, кейін де болады. Құқық бұзушылық қоғамның, мемлекет пен жеке адамның мүдделеріне зиян келтіретін субъектінің қоғамға қауіпті әрекеті. Қандай құқық бұзушылықты алып қарасақ та ол заңға қайшы болып табылады. Құқық бұзушылықтың өзіндік элементтері де бар. Оларға құқық объектісін, құқық субъектісін, құқықтың субъективті және объективті жақтарын жатқыза аламыз. Құқық бұзушылыққа қарсы міндетті түрде заңды жауапкершіліктер бар. Заңды жауапкершілік субъектілердің құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін қолданылады. Заңдық жауапкершіліктің де қылмыс түрлеріне қарай өзіндік түрлері болады. Олар: қылмыстық жауапкершілік, әкімшілік жауапкершілік, азаматтық жауапкершілік және тәртіптік жауапкершілік. Бұл жауапкершілік түрлеріне жеке-жеке тоқталып өтсем.

Қылмыстық жауапкершілік – тек қатаң қылмыс үшін соттың шешімі арқылы қолданылады.

Әкімшілік жауапкершілік – бұл шаралар әкімшілік теріс қылық жасағаны үшін қолданылады.

Азаматтық жауапкершілік – шарттық міндеттерді бұзудан туындайды.

Тәртіптік жауапкершілік – лауазымды адамдардың тәртіптік теріс қылығы үшін қолданылады.

Егер қылмыс жасаған тұлғалар шынайы өкінген жағдайда жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

65-бап. Шынайы өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату

1. Қылмыстық теріс қылық жасаған не алғаш рет қылмыс жасаған адам, кінәлі адамның жеке басы, айыбын мойындап келуі, қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға, тергеп-тексеруге ықпал еткені, қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірген зиянды қалпына келтіруі ескеріле отырып, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Сыбайлас жемқорлық қылмысты алғаш рет жасаған адамды тек қана сот шынайы өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін.

2. Осы баптың бірінші бөлігінің ережелері, осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті баптарында арнайы көзделген жағдайларды қоспағанда, террористік қылмыс, экстремистік қылмыс, қылмыстық топтың құрамында жасалған қылмыс, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс, азаптаулар, жеке адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды. Көрсетілген шектеу он төрттен он сегізге дейінгі жастағы кәмелетке толмаған адамның жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға қолданылмайды.

Білім берудің басты мазмұны білім алушыларды жан – жақты дамыту, танымдық қызығушылығын қалыптастыру болып табылады. Білім беру саласы мемлекеттің ең маңызды салаларының бірі. Қазақ жерінде білім беру ісінің пайда болып, даму тарихы өзінің бастауын сонау ерте замандардан алады. Ертедегі Испиджаб, Тараз, Отырар секілді қалаларда медреселер болған, осыдан-ақ қазақ халқының білімді қастерлеп, құрметтегенін білуге болады. Олардың жалпы саны 84-ке жеткен. Қазақ қоғамының білім беру ісі «қазақтың тұңғыш ұстазы» ретінде танылған Ыбырай Алтынсарин есімімен тығыз байланысты. Білім жүйесіне үлкен өзгерістер енгізген бұл тұлғаның есімін әрбір қазақ білуі керек. 1950-1960 жылдары қазақ жерінде қазақ тіліндегі мектептер жабылып, орыс-қазақ және орыс мектептері көптеп ашыла бастады. Еліміз өз егемендігін алғаннан кейін білім негіздерін жаңа демократиялық өзгерістерге ұшырады. Әрбір баланың жеке қабілеті ескеріле бастады. Арнаулы қабілетті балаларға арналған лицей, гимназиялар ашылды. Бұл білім жүйесінің жетістіктерінің бірі болған болатын. Қазіргі уақытта жас ұрпаққа елеулі, ұтымды білім беру процестері халқымыздың дәстүріне, мәдениетіне негізделіп құрылып келеді. Қазақстан Республикасындағы білім берудің міндеттері туралы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында белгіленіп көрсетілген.

11-бап. Білім беру жүйесінің міндеттері

1. Білім беру жүйесінің міндеттері:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;

3) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту;

б) педагогтердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

7) білім беру ұйымдарының еріктілігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру;

8) қоғам мен экономиканың қажеттеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;

9) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;

10) жалпы оқытудың, жұмыс орны бойынша оқытудың және еңбек нарығының қажеттері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге өзінің білім мен біліктілікке негізделген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін өмір бойы дамыту;

11) білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциясы;

12) білім алушылардың кәсіптік ұмтылысын қамтамасыз ету;

13) жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптестермен белсенді өзара іс-қимыл арқылы техникалық және кәсіптік білім берудің озық қарқынмен дамытылуын қамтамасыз ету;

14) ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) білім алуы үшін білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы жағдайлар жасау болып табылады.

Білім саласы Қазақстан Республикасының ең маңызды салаларының бірі. Білім беру саласы өте күрделі сала болып табылады. Сол себепті бұл тақырыпты қарастыру да ауқымды болып келеді. Білім беру жүйесін өзіміз білетіндей біз орта білім және жоғарғы білім деп қарастырамыз. Жоғарғы білім беру жүйесінің құрылымы өте күрделі болып келеді. Өзіміз айтып өткендей жоғарғы білім беру саласында да орта білім беру саласында да құқық бұзушылықтар болып отырады. Соның ішіндегі ең ауқымды тақырып сыбайлас жемқорлық екені де барлығымызға мәлім және оны біз жасыра да алмаймыз. Осы орайда Білім министрлігіндегі сыбайлас жемқорлыққа үлкен мән беріп өткім келеді. Білім саласы еліміздегі ең күрделі салалардың бірі, себебі білімді ұрпақ болашақтың кепілі, ал білім жүйесін реттеу Білім министрлігінің құзыретінде. Білім саласындағы сыбайлас жемқорлық біздің болашағымызға жасалған зұлымдық. Барлығымыз білетіндей, мәселен, осы жайттардың ішінде ең көп орын алатыны 11 сынып бітіргеннен кейінгі Ұлттық бірінғай тестілеу кезіндегі сыбайлас жемқорлық. Көптеген мектеп бітірушілер біліміне емес, ақшасына сеніп барлық мәселені материалдық қамтамасыздандырумен шешкісі келеді. Әрине, бұл оқушының әрі оның ата – анасының кінәсі, бірақ пара алған адам сүттен ақ, судан таза деп айта алмаймыз. Сыбайлас жемқорлық туралы балабақшадан, мектеп қабырғасынан бастап оқытылуы жөн деп санайды көптеген адамдар. ҰБТ туралы айтып өтетін пікірім, қазіргі уақытта білім емес сенің алған балың жоғары дәрежеде бағаланады. Жасөспірімдер осы ұғымға тіреледі. Сол себепті оқушылар көшіргісі келіп тұрады, өзіне деген сенімін жоғалтады.

Студенттік өмірде де осы жайттар көп орын алады. Студенттердің пікірі бойынша сыбайлас жемқорлық жоғары көрсеткіш көрсететін 5 университет:

1) Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті;

2) Атырау мұнай – газ университеті;

3) Қарағанды мемлекеттік медицина университеті;

4) Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті;

5) Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті.

Студенттердің пікірі бойынша көптеген жоғарғы оқу орындарындағы сыбайлас жемқорлықтың орын алуының себебі ұстаздардың төменгі мөлшерде жалақы алуы болып табылады.

6-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингі;

- 2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды;
- 3-1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізуді;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңдық сараптама жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық сипаты бар нормаларды анықтауды;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыруды және сақтауды;
- 6) қаржылық бақылауды;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді;
- 8) мүдделер қақтығысын болғызбауды және шешуді;
- 9) кәсіпкерлік саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын;
- 10) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді;
- 11) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлауды;
- 12) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарларын жоюды;
- 13) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы қалыптастыруды және жариялауды қамтиды.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі жылдан жылға дамып келеді. Осы орайда мен Қазақстан мен Еуропа мемлекеттері арасындағы білім жүйесінің айырмашылықтарына үлкен мән беріп өткім келеді. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру жүйесінде 5-7 жас аралығындағы балаларды дайындау қарастырылған. Олар екі жолмен, яғни арнайы мектептегі дайындық жүйесі және балабақшадағы мектепке дейінгі дайындық жүйесі. Бұл мекемелерде балалар жазудың бастапқы функцияларын қарастырады, әліпби үйренеді, белгілі бір дәрежеде санаудың алғышарттарын да қарастырады. Мектепке дейінгі білім беру туралы ҚР «Білім туралы» заңында толықтай қамтылып өткен.

15-бап. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары іс-әрекет түрлерінің мектеп жасына дейінгі балалар үшін ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізінде әзірленеді.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары:

1) балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және сауықтыру тұтастығы принциптерін ескере отырып, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етеді;

2) әр баланың талабын, бейімділігін, қабілеттілігін, дарындылығын іске асыруға және оның даму ерекшеліктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып, дара әдіс негізінде оны бастауыш білім берудің білім беру бағдарламасын меңгеруге даярлауға бағдарланады.

3. Мектепке дейінгі оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары оқудың, жазудың, есептеудің және тілдік қатынас тәжірибесінің қарапайым дағдыларын қалыптастырады және бастауыш білім беруді меңгеру үшін бірдей бастапқы жағдайларды жасауды көздейді.

Бастапқы білім беру жүйесінде балабақшадан кейін балалар орта білім жүйесіне көшеді. Орта мектепте 1-4 сыныптар аралығында бастауыш білім беру бағдарламасын қарастырады. Бастауыш білім алу жүйесінде оқу, жазу, есептеуге балалар үйренеді. Одан кейінгі бесінші және жетінші сынып аралығы балаларды білім жағынан шыңдайды және балалардың логикасының одан әрі дамуына көмегін тигізеді. Сегізінші және он бірінші сынып аралығында балалар алдағы мақсаттарын құрады, өздерінің алдағы мақсаттарын айқындайды. Тоғызыншы сыныптан кейін колледжге баруға немесе он бірінші сыныптан кейін ұлттық бірінғай тестілеуден өтуге шешімді бала өзі таңдауы тиіс, бұл жолда үлкен өмірге деген мақсаттар айқындалады. Он бірінші сыныптан кейін арнайы орта білім алғандығы жөнінде құжатты иеленген балалар жоғарғы оқу орнына түсуге құқылы.

16-бап. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары

1. Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен алғырлығын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.

2. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталады.

Жалпы білім беретін оқу бағдарламасы білім алушылардың бейін алды даярлығын қамтиды.

Әрбір пәннің мазмұнын зерделеу негізгі орта білім беру деңгейінде аяқталады.

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – бес жыл.

3. Жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бейіндік оқытуды енгізе отырып, білім беру мазмұнын саралау, интеграциялау және кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленеді.

Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі - екі жыл.

Жоғарғы оқу орнының басты мақсаты – алдыңғы қатарлы, жоғары квалификацияланған жастар шығару болып табылады. Бұл салада тағы да бір ескере кететін жағдай болашақ маман иелерінің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жоғарғы деңгейде игеруі. Қазір жиырма бірінші ғасыр, ақпараттық технологиялар дәуірі. Әр адам заманның ағымымен еседі және белгілі-бір мамандық иесінің көптеген программалармен жұмыс істеуді үйренгені жөн. Бұл сабақтар барлық жоғарғы оқу орындарында жүргізіледі және шет тілінде жүргізілуі міндетті. Бүгінде еліміздің 89 жоғары оқу орнында ақпараттық технология мамандары даярланады. Қазақстан Республикасында 2008 жылға қарағанда 2012 жылы жоғары оқу орындары саны кеміген. Себебі қазіргі таңда жоғарғы оқу орындарына деген талаптар әлдеқайда күшейтілген. Ендігі кезекте шет елдердің білім беру жүйесіне тоқталып өтсем. Мысалға алып қарасақ Ұлыбританияда тәрбие жүйесіне мемлекеттік және жекеменшік мектепке дейінгі жүйелерді кіргіземіз. Бұл мемлекеттерде мемлекеттік және жекеменшік мектептер, үш жастан бес жасқа дейін дайындайтын мекемелер өз жұмысын атқарады. Шет мемлекеттердің ішінде Англия бала тәрбиесіне өте үлкен мән беретін елдердің бірі. Англияда 3 жастан 5 жас аралығында балаларды тәрбиелеу орталықтары тегін жұмыс істейді. Мұндай арнайы мекемелерде білім алған балалардың өзімен жасты балалармен арақатынасында қиыншылықтар туындамайды, үлкендермен сөйлесу жүйесі де жақсы дамиды. Бұл бастапқы балаларды даярлау мекемелерінде жұмыс істейтін мамандар 4 жыл көлемінде колледжде білім алуы тиіс. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің өзіндік ерекшеліктері бар: әр бала жеке индивид, өз пікірін нақты әрі анық жеткізуге мүмкіндігі бар. Осындай алдыңғы қатарлы мемлекеттердің қатарына Ирландия да жатады. Ирландия бастапқы уақыттардан бері білім беру жүйесіне өте үлкен мән берген. Мұнда балаларды көптеген қосымша, оларға қызықты емес сабақтармен қинамайды, әр бала жеке өзіне қызықты саламен айналысуына мүмкіндік бар. Жалпылама айта келгенде бала өзінің қызығушылығы туындаған саланы зерттеп, тереңдете алады. Бұл баланың алдағы уақыттағы жарқын болашағына үлкен мүмкіндік.

Шет мемлекеттер мен Қазақстан Республикасының білім беру жүйелерін салыстырып өттік. Ал енді шет мемлекеттердегі құқық бұзушылық салаларына тоқталып өтсем. Қазіргі қоғамда жағдай үлкен өзгерістерге ұшыраған. Әр мемлекеттің құқық жүйесі бір-бірінен белгілі бір ерекшеліктер арқылы айырмашылықтар жасайды. Мысалға алып қарасақ, Франция мемлекетінде қылмыстық іс жүргізуге бірнеше мемлекеттік органдар, жекелеген азаматтар және өзге де қатысушылар қатыса алады. Әртүрлі істерге байланысты органдардың

қатыстырылуы өзгеріске ұшырауы мүмкін, бірақ, тергеу және прокуратура органдары барлық істерге қатыстырылуы міндетті. Францияда қылмыстық процестегі қатысушылардың ішіндегі ең маңыздысы сот органдары болып келеді. Франция мемлекетінің құқықтық жүйесі роман-германдық құқық жүйесі жанұясына жататындықтан Қазақстан Республикасымен құқық жүйесі ұқсас болып табылады. Мәселен, ең басты ұқсастығы Конституцияның құқық негізі болып табылуында және сот тәжірибесінде кассациялық және апелляциялық сатылардың қолданылуында болып келеді. Францияда соттың үлкен рөл ойнайтыны белгілі. Бірақ, осы орайда Қазақстан Республикасымен белгілі бір айырмашылықтар жасайды. Біздің Қазақстан Республикасында судьяға қойылатын жас мөлшері талаптарының бірі 25 жас болып табылса, Франция мемлекетінде бұл 40 жас болып қалыптасқан. Сот билігі барлық мемлекеттерге тұтас сот органдарына жүктелгені белгілі, олардың әрқайсы жүйедегі орнына қарамастан нақты істерді де шешеді. Демократиялық қоғамда сот билігінің әлеуметтік ролі түрлі заң тартыстарда құқық үстемдігін қамтамасыз етуде көрінеді. Шет мемлекеттердің басым көпшілігінің сот жүйесін неғұрлым кең тараған екі модельдің біреуіне жатады: англо-саксондық немесе роман-германдық. Соңғы кездегі екі модельдер жақындасу үрдесу байқалғанын атап өткен жөн. Англо-саксон елдерінде құқық барған сайын сот құрылысы мен сот ісін жүргізуді заңнамалық реттеуге айналуға, ал континентальды жүйедегі елдерге судьяларға қоғамдық қатынастарды заңнамалық реттеудегі проблемаларды шешімдерімен толықтыру құқығы беріледі, яғни соттарға кейбір жаңа да құқық шығару функциясы берілгенін білдіреді. Әлемдегі барлық елдердің дерлік конституциясы сот жүйесінің немесе соттардың түрлерін белгілейді, қандай арнайы соттар жалпы заң құзырындағы соттармен қатар құрыла алатынын көрсетеді. Сот билігі басшылыққа алатын басты ұйымдастыру қағидаты барлық жерде бірдей тек заңға бағынатын судьялардың тәуелсіздігін, оның кепілдіктерін ажырамас тұтастығында; қызмет атқарған уақытында ауыстырылмайтындығы, иммунитеті, көтермелеудің азаймайтындығы болып табылады. Сот процесінің негізгі қағидаты ретінде сот жүйесі қызметі қағидатын бөліп көрсеткен жөн. Сот процесінің кең таралған конституциялық қағидатын жариялылық болып табылады. Бұл қағидат АҚШ, Жапония, Италия, Испания сияқты көптеген демократиялық мемлекеттердің конституцияларында бекітілген. Судьялардың тек заңмен байланыстылық қағидаты өте кең таралған. Осы қағида судьяның істі шешу кезінде кімнен болсын ешқандай нұсқау алуға тиіс еместігін білдіреді, заңға қатысы бойынша төменгі тұрған нормативтік актілердің қаншалықты заңға сәйкес келгенінше маңызы бар. Қазақстан Республикасының сот процестерінің принципі ретінде жариялылық қағидаты жатады. Жариялылық қағидаты деп отырғанымыз сот процесіне кез келген азаматтардың, бұқаралық ақпарат құралдарының қатыстырылуы болып табылады.

Ендігі кезекте Конституцияның негізгі түрлеріне тоқталып өтсем. Конституцияның екі түрі болады. Олар жазбалы және жазбалы емес. Жазбалы Конституция Қазақстан Республикасында, Ресей Федерациясында, Финляндияда және т.б. мемлекеттерде қалыптасқан. Жазбалы Конституция тұтас бекітілген құқықтық акт болып болып табылады. Әдетте, бұл Конституциялар преамбулдан, негізгі мәтіннен және өтпелі кезең ережелерінен тұратыны барлығымызға мәлім. Жазбалы емес Конституция сирек қолданылады және бұл белгілі белгілі-бір әдет-ғұрып ережелері. Қазіргі кезде мұндай Конституция түрі Ұлыбритания, Жаңа Зеландия секілді мемлекеттерде бар. Яғни, жазбалы емес Конституция біз үшін жат болып көрінгенімен, Ұлыбритания секілді алпауыт мемлекеттер осындай жүйені ұстанады. Шет мемлекеттердің конституциялық құқығының қайнар көздеріне мыналар жатады.

- Заңдар. Конституциядан кейін заң күші бар және Конституциялық құқықтың ең таралған қайнар көзі болып табылады. Заңдар Конституциялық, органикалық және ағымдығы болып бөлінеді.

- Конституциялық заңдар. Кейбір мемлекеттерде Конституцияға өзгерістер енгізеді, Конституцияны толықтыратын заңдар ретінде (бұрынғы Чехословакия), немесе жай заңдардан жоғары тұратын, бірақ Конституциядан төмен жоғарғы заң күші бар Конституцияның маңызды

мәселелері бойынша қабылданатын заңдар (Италия), немесе өтпелі жағдайларды қамтитын және Конситуциямен бірге қабылданатын заңдар.

-Органикалық заңдар – мемлекеттік органдардың мәртебесін айқындайтын заңдар.

-Ағымдағы заңдар – жеке қоғамдық қатынастарды реттейтін нормаларға сүйенетін заңдар (мысалы, сайлау құқығы, депутат мәртебесі, азаматтық, т.б.)

- Атқарушы биліктің нормативтік – құқықтық актілері. Оған мемлекет басшысының, үкіметтің, министрлердің және т.б. шығаратын заң актілері жатады;

- Конституциялық бақылаудың нормативтік - құқытық актілері Конституцияға ресми түсіндірме береді;

- Соттық прецеденттер ұқсас істерді қарау кезіндегі соттарға міндетті үлгі болып табылатын жеке істер бойынша, яғни соттың қаулылары қаралынады;

-Конституциялық құқық нормаларын мазмұндайтын жергілікті өзін-өзі басқару органдарының шешімі (муниципалды құрылымның мәртебелері, жарғылары);

-Конституциялық салт – ресми мәліметтерде жоқ, бірақ мемлекеттің үнсіз санкциясы бойынша ұзақ уақыт қолданып келе жатқан тәжірибеде қолданылатын ережелер;

-Халықаралық құқық нормалары, халықаралық және мемлекет ішіндегі шарттар;

-Діни қайнар көздері ерекше жеке мұсылман елдерінде Конституцияның орнына Құран қолданылады;

- Құқықтық доктрина Конситуциялық құқықтық мәселері бойынша заңгер – ғалымдардың ресми пікірлері.

Конституцияның мазмұнына, қабылдауына белгілі факторлар әсер етеді.

Олар:

-Биліктің қоғамның белгілі қабатына жатқызылуы;

-Таптық күштердің қоғамда орынмен орналасуы;

-Конституцияны дайындау және қабылдау кезіндегі қоғамдық пікір;

-Халық менталитеті;

-Басқа мемлекеттердің Конституцияларының ықпал етуі және тығыз басқа жағдайлар.

Құқық туралы айта отырып құқық жүйесінің жанұяларына тоқталып кеткім келіп отыр. Себебі шет мемлекеттердің құқық жүйесі туралы айту барысында бұл ұғымдарға міндетті түрде тоқталып өту керек деп ойлаймын. Англо-саксондық және роман-германдық жүйелерге тоқталып өттім. Бірақ, дүние жүзінде кең таралған құқық жүйесінің жанұясының құрамына тағы бір модель мұсылмандақ құқық жүйесі жанұясы кіреді. Мұсылмандық үлгі дербес сипатқа ие: мұсылмандық сотқа тек діндес немесе осындай сотқа келіскен адамдар жатады; халық заседательдері, ассистер, алқа билері болмайды; азаматтық, қылмыстық құқықта да процесс жауапкершіліктің өзгеше нысандарымен шарифат ережелері бойынша жүзеге асырылады. Кейбір мұсылман елдерінде сот шешімдеріне шағым беру рәсімі болмайды, тек имамға – қосымша монарх болып табылатын жоғары дін иесіне жүгінеді, мысалы Нигерияда жоғары тұрған мұсылман соттары болады.

Мұсылман құқығына тән мынадай ерекшеліктер бар:

1. Құқықты жасаушы, жаратушы болып табылады, оны қабылдау, орындау бәріне міндетті. Құқық бұзылушылыққа бару, Алла қойған талаптарға қарсы шығу болып саналады, Алла алдында кешірілмейтін күнә.

2. Мұсылман құқығының қайнар көздері ретінде құран, хадис, иджма, тәфсир, қыяс танылады. Құран адамдарға Мұхаммед Пайғамбар арқылы түсірілген Алла сөзі «Жәннаттан бәріңде түсіңдер», деді. сендерге менен тура жол (кітап, расул) келеді. Кімде . кім сол жолмен жүрсе, оған қауып. қатер жоқ және олар ешқашан өкінбейді. Ал, аяттарымызға күпіршілік келтірушілердің және оны өтірікке шығарушылардың орны тозақ. Олар тамұқта мәңгі қалады». Құран Алла сөзі ретінде адамдарға жазылған заңдар. Хадистер (сунна) . жаңалық, хабар. Мұхаммед Пайғамбарымыздың өз аузымен айтқан ұлағатты сөздері мен істерін баяндайтын, суниттер аса құрмет тұтатын, ереже, қағидалардың жиынтығы.

Қорытындылай келе, білім жүйесі, ондағы кемшіліктер және шет мемлекеттердің құқық жүйесін толықтай қамтып өттім. Бірақ, аса мән беретін жағдай Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен құқық жүйесінің бірізділігі. Менің ойымша, егер Қазақстан Республикасының заңдарына өзіндік ерекшеліктер енгізетін болсақ, еліміздің өзіндік индивидуалды әрі тәуелсіз мемлекет екендігінің көрсеткішін арттыра түсетін боламыз. Мысалға алып қарайтын болсақ, белгілі бір ырымдарды, салт-дәстүрлерді заңдардың негізінде реттей отырып, оларды белгілі бір актілерге айналдыруымызға болады. Сонда халықаралық қатынастар саласында Қазақстан Республикасының өзіндік имиджі қалыптасады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410#z44>.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z65>.
3. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z0700000319_.
4. <https://baribar.kz/student/21699/ququqtyq-tartip-ququq-buzushylyq-zhane-zanh-aldyndaghy-zhauaptylyq/>.
5. <https://baribar.kz/student/19122/shetelderdegi-konstitutsiyalyq-ququqtynh-zhalpy-tusinigi/>.
6. <https://stud.kz/referat/show/51696>.
7. <https://allrefrs.ru/4-56946.html>.
8. https://www.yaneuch.ru/cat_53/shetelderdkonstitutciyasy/334826.24789-29.page1.html.
9. <https://stud.kz/referat/show/13205>.